



Ақуштап БАҚТЫГЕРЕЕВА

МӘНШҮК

Айналдың мәңгі жалынға,
Даңқынды тақты Даламыз.
Жасқұста, сонау Нарында
Өмірге келген бала қыз.

Әлемге тарап атағың,
Құрбаны болдың ақ таңның,
Мен бүгін Мәншүк апаның
Еліненмін деп мақтандым.

Лап етіп жанды жас шағың,
Селт ете қалды барша жан.
Сен жайлы ерлік дастаны,
Жазуға құмар қанша адам.

Өзіңмен алау сезімді,
Әкеттің ару қалпыңмен,

Жырласам ба деп өзінді
Ұстадым қалам бәлкім мен.

Кешпестен алау сезімді,
Өттің сол ару қалпыңмен.
Ұмытпау үшін өзінді
Атыңды жаздық алтынмен!

ӘКЕМНІҢ ҚҰРДАСТАРЫ

Сөйлегенде ақылды, данасындар,
Шежіре бұлағы боп ағасындар.
Асыл тастай санаулы қазынада,
Күннен-күнге азайып барасындар.

Өр мінезді, сабырлы, алып тұлға,
Күннен-күнге азайып жолықтындар.
Балдақ даусын естісем оқта-текте
Жалт қараймын жанарым толып мұңға.

Қайтара алмай үмітті келеміз бе
Айтпайсындар көп сырды неге бізге
Фашистердің оғының жарықшағы
Кейбіріңнің әлі жүр денеңізде.

Сендер жайлы қаншама жазар дастан,
Қариялар өңінен ажар қашқан.
Біз қырық жыл қарыздар болдық сізге
Оқ орнының тыртығын жаза алмастан.

Өтер уақыт, мәңгіге тұрмас бәрі,
Сендер Отан тарихы сырластары.
Ескерткішке айналып барасындар,
Қайран менің әкемнің құрдастары.

